

**Нүркен Әбдіров -
көк аспанда
қалықтаған
Сарыарқа сұңқары.**

Дайындағандар: Бижанов М.А
Әбдіханов Д.П



Нүркен Әбдіров
1919-1942

Бейбіт өмір мен ел бірлігін аңсаған Нүркен Әбдіров 1919 жылы Қарқаралы өңірінде бұрынғы бесінші ауыл, қазіргі Нүркен атындағы шаруашылық аумағында, қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі-Әбдір, анасы-Бағжан және отбасында: ағалары-Сәрсен және Садырбек, қарындасы-Зылиха болған. Нүркен 11 жасқа толғанында отбасымен Қарағанды қаласына қоныс аударған. 1930-35 жылдары №25 ОМ толық емес отра білім алып, колхозда жұмыс арқарған.



***1935-37 жылдары тау-кен істері техникумының дайындық бөлімінде оқып сонымен бірге инфекциялық аурулар ауруханасында жұмыс істеген; 1937-38 жылдары Қазкітапорталығында есепші, сосын меңгеруші және №1ші комсомол шахта комитетінің секретары болды; 25.08.1938 бастап Қарағанды облыстық прокуратурасында қызмет атқарды; 1938 жылы Қарағанды қалада әуе клубында ұшқыш мамандығын игерген. Қызыл Армия қатарына 1940 ж. шақырылды. 1941 жылы Орынбор қаласындағы К.Е Ворошилов атындағы авиациялық мектепті аяқтады, сол жылы партия мүшесі болды. Оқуды бітіргеннен кейін оған қысқа мерзімді демалыс беріледі, бірақ ол демалыстан бас тартады. Қолына ақ парақ пен қалам алып, үйіне былай деп хат жазады: «Мен фашистердің үнін ажал оғымен өшіру үшін асығып, үйге бармадым...».**

***Ел басына күн туған сәтте, өзін майданға, жаумен жағаласып, ел іргесін қорғауға жіберуге сұранады. Оны әуелі Ташкент қаласына кейіннен Сібір қалаларына әскери әуе ұшқыштарын даярлайтын оқу орындарына жібереді. Оқуын аяқтаған соң, 267 әуе дивизиясының 808-ші шабуылшы полкы құрамында соғысқа кіреді. Қазанның 23 күні тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нұркен былай деп жазған екен: «Егер біз фашистерді құртпасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз...»**

Хат.

«Родные мои! Война не бывает без жертв. И если настигнет смерть, если шальная вражеская пуля вопьется в кипящее сердце, то пусть листок этой белой бумаги с моими строками, написанными сегодня, станет моей просьбой о прощении. Преклоняю свою молодую голову к вашим ногам, не сердитесь на меня, если может быть в юности наговорил вам неуважительных слов, если не слушался ваших советов, забывал вас. Родные мои, Апа, Эди, уже рассвет. Сейчас отправляемся в полет. На этом заканчиваю письмо. Будьте живы, здоровы. До счастливой встречи. Нуркен» (из письма родителям 23 октября 1942 года - перед первым боевым вылетом). Сегодня его письма, порядка пятидесяти, хранятся в Государственном архиве республики.

Шайқаста ержүректілігімен, іскер қимылдарымен көзге түсті, жаудың оқ-дәрі, қару-жарақ қоймаларын, адам күші мен ұрыс техникасын жойды. 17-жауынгерлік тапсырмасын алған. 16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 28 жүк автомобилін, оқ-дәрі тиеген 18 машинасын, жанармай құйылған 3 цистернасын, 3 зеңбірегін жойып, 50-ден астам неміс солдаты мен офицерін жер күштырған. 17-жауынгерлік тапсырмасын алған

1942 жылдың 19-шы желтоқсанында кіші лейтенант Б.П Алексеев басқаруымен 4 ИЛ-2 ұшағы «Кіші Сатурн» жоспары бойынша Сталинград шебіне енетін Боков-Пономаревка аудандағы қорғаныс бекінісі мен шоғырланған танкілерін жою үшін әуеге көтерілді. Сол ұшақтың бірінде Нүркен Абдіров және оның серігі атқыш әрі байланысшы Александр Комиссаров болды.



Қанды соғыста сержант Вычужанинованың экипажы ауыр жағдайға душар болды, күллі батарея оның ұшағына оқ жаудырып жатты. Әскери жолдастарының қиын жағдайға тап болғанын көрген сержант Әбдіров көмекке асығып, жаудың бір арқышының көзін жойды.

Бірақ сержант Вычужанинованың экипажы жер құшқан еді. Жау әскері Нүркен Әбдіровтың ұшағында зақымдады, соған қарамастан ержүрек ұшқыш шабуылды жалғастырды. Алаулаған от кабинаға жеткенде Әбдіров атқыш әрі байланысшы Александр Комиссаровқа секіруді бұйырды, бірақ ол фронтағы досын тастап кетуден бас тартты. Ол құлап бара жатқан ұшағын жау танкілерінің жанындағы бензовозға бағыттап, жаудың 6 танкісінің көзін жойып батырларша мерт болды.

Н. Әбдіров Ростов облысы, Вешенск ауданның, Коньки ауылында фронтағы досы А. Комисаровпен қатар жерленген.

1943 жылдың 31ші наурызында Кеңес одағының батыры атағы берілді, Ленин орденімен марапатталды.



- * 1958 жылы Қарағанды қаласының комсомолдары қала орталығында өз қаражаттарына Нұркен Әбдіровке ескерткіш орнатуға шешім қабылдады. Ескерткіштің ең үздік жобасына байқау жарияланды. Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіровты штурвалдың артында бейнелеген Қарағанды мүсіншілері Ю.Гуммеля, А.Билыканың жобалары қабылданды. Ескерткіштің жалпы биіктігі– 9 м, ені 1,5м. Қоладан құйылған.
- * Қарағанды қаласында даңғылға Н.Әбдіровтың есімі берілген.
- * С.Бегалин батырға арнап «Қанатты қазақ» поэмасын жазған.
- * Н. Әбдіров туралы Г. Якимов жазған «Мәңгілік өмір шыңына» («Пике в бессмертие») атты деректі повесть (Алматы, 1966 ж.) бойынша «Қазақтелефильм» студиясы фильм шығарды.
- * Волдоград қаласындағы Мамаев қорғаның қара мрамордан жасалған мемориалды тақтасында батыр есімі жазылған.
- * батырға арнап Боковский станциясында «герои не умирают» мемориалында бюст қойылған.
- * Қарағанды қаласындағы спорткешеніне батырдың аты берілген.
- * Қарағандыда Батырды еске алу мақсатында еркін күрестен палуандар сайсы болып тұрады.



ГЕРОЮ СОВЕТСКОГО СОЮЗА
СЕРЖАНТУ
АБДИРОВУ ПУРКЕНУ.

ВЕЧНАЯ СЛАВА



Досы А.Комиссаровтың есімі ескерілмей қалды. Нуркеннің анасы Бағжан 1965 жылы Вещенск станциясында жазушы Михаил Шолоховпен кездесуінде осы мәселені козғады. Көп өтпей 1966 жылы А. Комиссаровқа Ұлы Отан соғысының ІІ-ші дәрежелі орденімен марапатталды. 1989 жылдың 1-ші наурызында Қарағанды қаласындағы Н.Әбдіров көшесіне параллель көшеге А.Коиссаров есімі берілді.

Назарларыңызға рахмет!!!

